

• АЙТЫЛМАҒАН ӘҢГІМЕЛЕР



Erkin НУРАЗХАН

*Естеліктің, әдейі айтайын дегенде емес, бір сөз, көрініс немесе ұқсас оқиғалар арқылы сананың қатпарынан кездейсоқ жарқ етіп жадында жаңғыратыны, ойға оралатыны бар ғой. Қасым ағаның қасында жүрген сәттерде осындай, бұрын өзінің ешбір жазбаларында немесе ауыз-екі сұхбаттарында айтылмаған әңгімелерінің біразын тыңдаудың сәті түскен еді. Соның бір-екеуін назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдім.*

## ВОРОШИЛОВ НЕГЕ ҚАБЫЛДАМАДЫ?

Қасым ағаны ертесімен көз дәрігеріне апарайын деп, Абай мен Панфилов көшелерінің қиылысында орналасқан үйіне Құрманғазы жағынан келіп едім, жолды бірнеше милиционерлер бөгеп, ешкімді өткізбей тұр екен. Бір үйдің қасында біреуді атып кетіпті. Соны тексеру үшін қоршап тастаған. Автокөлікті Абай даңғылына қойып, ағаға келдім. Сыртқа ертіп шықты. Көлік үйдің сыртында, Абай даңғылында тұрғанын айттым.

— Ой-буу, оған қайтіп жетеміз, — деп, Қасым аға сол қолымен менің білегімнен мықтап ұстап, оң қолымен таяғына сүйеніп аяңдай берді.

Алдымыздан екі милиция қызметкері жолығып, ағаға сәлем берді. Батыр оларға жауап қатқан жоқ. Естимеді ме, әлде, жауап бергісі келмеді ме, білмедім.

— Жолды жауып тастаған осылар ғой, — деді.

— Иә, — деймін.

— Е-е, бұл милициялармен баяғыда бір шексіз қалғанбыз, — деп, көлікке жеткенше бір әңгімені бастап жіберді.

1943 жылдың күзі, Мәскеуден шақыру келді. Украинадан мықты партизандарды Жоғарғы Кеңес төрағасы К.Ворошилов қабылдайды, — деген. Біз де қоршаудан, жау тылынан шығып, Қызыл Армияға қосылып, тыныстап жатқан кезіміз. Ворошилов шақырса, тегін шақырмайды ғой, батыр партизандарға құрмет көрсетіп, наградтап жіберейін деген болар, деп ойладық. Сонымен, әр отрядтан үздік дегендер жиналып, қырық партизан Киевтен поезға отырып, Мәскеуге бет алдық.

Қанды қырық, ауыр күндерден өткен партизандар поезға отырған соң мәре-сәре болып, бір жырып демалып қалдық. Сол “қызу қарқынды” демалыспен таң қылаң бере Мәскеуге келіп тұстық. Партизандарда біржелкі киім жоқ. Әркім таур деген киімдерін киген. Біреуде тері куртка, біреуде шолақ тон дегендей. Оның үстіне қару-жарақтарымыз бойымызда. Вокзалдан шыға ортапыққа қарай дабырлай сөйлесіп жаяу келе жатырмыз. Дауысымыз да, екпініміз де қатты. Өңкей кесек “сен тұр, мен атайын” деген батыр жігіттер Кейбіреуінің қызулықтары әлі тарқай қоймаған. Алдымен қонақ үйге жетіп алмақшымыз. Бір кезде алдымыздан жаңағыдай екі-үш милиция шығып, көпденеңдей берді. Біздерді тоқтатып, документ сұрай бастады. Партизанда қандай документ болсын. Бізді тексермекші болған әлгілердің сөзін құлаққа, өздерін көзге ілгіміз келмей, жолдан ығыстырып, алға жүре бердік. Сөйтсек, олар дереу өзге милицияларға хабарлаған екен, енді бес-алтау, сосын он шақты милиция жиналып бізді қоршап, жүртзбеуге айналды. Жөнімізді айтып едік, тыңдар емес. Біздерге дауыс көтеріп, әмірлерін жүргізуге ниеттенді. Қызуқанды партизандар, қандай қарсыласын болса да ауыздықтап үйренген мықтылар мына шірділдіктердің әрекетіне намысымыз қозып, ашуландық. Әлгі он шақты милицияны және біздерге

“қаруларыңды тапсырыңдар” деген де сөз айтып қалғандары үшін өздерін дереу қарусыздандырып, қарсыласқандарын қолдарын қайырып, танауларына жудырықтарды іскетіп жіберуге тура келді. Оларды жолдан “ысырып” тастап ары қарай жүріп едік. Біраздан соң олардан екі-үш есе көп жиырма-отыздай көліктерімен келіп, біздерге жабылсын. Амап жоқ, көшеде милиционерлер мен партизандардың төбелесі басталып кетті. Партизандардың ашуланған себебі біздер ғой жау тылында соғысып, от пен оқтың арасынан келсек Мына бейбіт өмірде, Мәскеу төрінде еркелеп жүргендердің бізге әкрендеп, қоқан-лоққы көрсетіп басынғаны еді. Онысын біз көтере алмадық. Оларды пенде екен деп алымсындадық. Әрине, төбелес партизандардың жеңісімен аяқталды. Милиционерлер түгел қарусызданып, қол-аяқтары бұралып, танаулары бұзылып, жайрап қалды.

Қонақ үйге келіп орналасып Милиционерлердің партизандардан таяқ жеп қалғаны жоғары орындарға жетсе керек, НКВД-дан да келіп тексерді. Себеп-салдарын анықтады. “Екі жақ та кінәлі” деген қорытындыға келді ғой деймін. Өйткені, біздерден ешкімді тұтқындаған жоқ. Қонақ үйде үш-төрт күн жаттық. Бірақ бізді Кремльде қабылдайды деген Ворошиловтан ешқандай хабар болмады. Соған қарағанда партизандардың жасаған тентектігі оның да құлағына тиген сияқты. Ақыры бізді поезға отырғызып Украинаға қайтарды. Қабылдайды деген Ворошилов та, бәлкім, “алып қалармыз” деген награда да жоқ. Жау тылына, майданға, тағы да оқ пен оттың ішіне кіруге оралып келе жаттық. — деп аяқтады әңгімесін қаһарман аға.

Біз көлігімізге жетіп, көз дәрігерін бетке алып жолға түстік. Мен ойлап келемін осы награда демеуші. Қасым ағаның өзіне тиесілі батыр атағына қолы жетпеуінің бір себебі де, сол Мәскеу көшесіндегі қақтығыстың кесепі тимеді ме екен? Өйткені, партизандар мен милицияның төбелесін тексеруге НКВД араласса, олардың “қара тізіміне” партизандардың ілігуі әбден мүмкін. Ал, ондай қара тізім ешқашан да ескірмейді де, жоғалмайды. Керек кезінде “қалқып шығып” қажеттеріне жарайтыны бар Кеңес үкіметінің шікі тәртібінен хабардар осы күнде бұл құпия болмай қалды ғой.

## “ҚАРА КІСІ”

Қасым ағаның “Елімнің ертеңіне сенемін” атты жинағын құрастырып, баспаға әзірлеу барысында ертеректе жазылған бір шағындау естелігін редакциялап, “Қара кісі” деп тақырып қойып, жинаққа енгіздік. Батырдың бұл естелікке байланысты айтып берген мына “қосымшасы” оның бойындағы бала күнінен белгілі тентек мінезін танытқандай еді.

— Бұл, 1947, әлде 48-ші жыл болуы керек, — деп бастады әңгімесін, — қатты ауырып Совминнің ауруханасына түстім. Бір палатада менмен бірге ұзын бойлы, арық қара кісі жатты. Өзі өржөкрек, менмен, ешкімді менсінбейді. “Ә” дегеннен сөзіміз жараспады. Сонда да пендеміз ғой, бір-біріміз жайлы білсе бастадық. Бірде көңілдіміз сұрап Жұмағали Сайын келді. Ол палатамызға жүрген кезде көршім шығып кетті. Жұмағали: — Өй, Қасым, сен кіммен жатқаныңды білсең бе? Мынаны біз, талайды зарлатқан, небір ардақтылардан жауап алып, оларды

айдақтан, атқызған” деп естушы едік. Байқа, аузыңа ие бол! — деді сыбырлап. Тағы бір күні Сейітжан Омаров келіп, ол да шошып кетті. “Сақ бол” дегенді айтты.

Ол менен он-он бес жастай үлкен. Соған қарамастан арамдыда сыйластық сұйылып, салқындыққа ұласты. Тіпті, араздыққа бет алып, күннен-күнге қарым-қатынасымыздың қиыо қаша бастады. Мені ол, дәрігер, медсестраларға сыртыман жамандайтын көрнеді. “Қатты сөйлейді, қатты күледі...” деген сияқты. Өзі карта ойнағыш. Преферанс ойнайды. Мені де ойнаға тартып, аздап үйретеді. Бәрбір іштей араздығымыз ұлғаймаса азайған жоқ. Мен енді ол туралы сыртынан естігенім үстіне, өзінің де “халық жауларымен” қалай күрескені жайлы мақтана айтақан әңгімелерінен соң оны мүлдем жеңкөруге айналдым.

Бірде, түн ортасында оянып кетіп, дәлзеге шықсам кезекші медсестра орнында жоқ екен. Стопының үстінде ауруларға қандай ем қолданатыны жайлы дәрігердің нұсқаулары жазылған журнал жатушы еді. Журналға көршінің фамилиясын көрсетіп таңғы 6-да клизма жасау керек” деп жазып қойдым. Сағат 6-да клизма жасайтын заттарын көтеріп, медсестра келді. Оны оятып, клизма жасайтынын айтты. Ол өзіне клизmanın қажет еместігін, ауруының оған ешқандай қатысы жоқтығын дәлелдеп біраз байбалам салып еді, медсестра көнбеді. Келген шаруасын орындады. Мен ақырын шығып кетіп, біздің қабаттағы әжетханаға кіріп, ішінен ілгешегін салып, жай отырдым. Біраздан кейін жүгіріп өліп “мықтым” келді. Есікті жұлқыды, жабық тұр. Біраз жүрді де, тағы келіп тартады, қағады. Мен отырмын, былық етпей. Содан жоғарғы қабатқа кетті ғой деймін. Ол жақта да бос болмаған болуы керек, қайтадан келді жүгіріп. Тағы да тоқпақтайды есікті. Бір мезетте шыдай алмады-ау деймін, әжетхана есігінің жанында тұрған шелекке “отырып” кетті. Палатама келсем, маған алая қарап, дауысын көтере сөйледі: — Сен екенсің ғой, сіресіп отырған. Мен бағанадан бері жүгіріп кіре алмадым, — деді булығып.

— Енді сізден басқа жан әжетханаға бармауы керек пе? — деп, мен тұқ білмегенсіздім.

Қасым аға қара кісі туралы айтқанда, өзінің де өңі қарайып, “халық жауларымен” күрескен сабазбен біраз уақыт бірге бола тұра қолынан баланың тентектігіндей әрекеттен басқа ештеңе келмегенін, қанша жылдар өтсе де ұмытпағанын жасыра алмады. “Әттең, кешегі партизан кезімде кездеспедің-ау. Сенімен басқаша сөйлесер едім”, — деген өкініш көпке дейін бір бүйрін қыздырып, кей-кейде ойнап оралып соққанын сеземін. Бірақ уақыт деген ұлы емші ғой. Ол өкінішті өшіріп, ренішті келмеске кетіргендей. Бір кезде қарадай қапаланған дүниеге бүгінде тек бала мінез, таза көңілмен өзінің сол тентек қылығын ғана еске алған Қасым аға бойын ауыр ойдан арылтардай лекітіп күліп алды. Көзіне келген жасты ақ орамалымен сүртті. Онсыз да ткірейіп тұрған, маңдай тұсы сирейі бастаған аппақ шашын аздаған дірілі бар қоңыр саусақтарымен кейін қарай тарап-тарап жіберді де, “иә, солай”, — деп терең күрсінді.

• ЖАҢА КІТАП

Қасымжомарт ТОҚАЕВ  
САЛВО ОБ ОТЦЕ  
ӘКЕ ТУРАЛЫ  
ТОЛҒАНЫС

# АСҚАР

Қасымжомарт ТОҚАЕВ.  
Әке туралы толғаныс.  
Алматы. «Парасат», 2005 ж.



Қазақта «Әке көрген — оқ жонар, шеше көрген — тон пішер» деген ұлағатты сөз бар. Халықтың қазыналы ойының терең қойнауынан сүзіліп шыққан бұл философиялық тұжырым ұрпақ жалғастығы мен дәстүр сабақтастығының бұлжымас қағидасын білдіреді. Қоңыр тіршілік кешкен қарапайым жан болсын немесе ұлы Абай өсиет еткендей «Атаның ұлы емес, адамның ұлы болып» елін өрге сүйреген ерен тұлға болсын — ең алдымен өз әке-шешесінің перзенті. «Ата-анаңды Меккеге үш мәрте арқалап апарсаң да қарызынан құтыла алмайсың» дейтін халық даналығы да кейінгі ұрпақтың аға ұрпақ алдындағы мөңгілік борышын еске салып отыру мақсатында айтылса керек. «Құс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, әрбір адам отбасында алған тәрбиесі мен көрген үлгісіне табан тіреп өмір сүреді, ата-ананың үмітін, ұстазының берген білімін, халқының сенімін ақтап, парызын өтеуге тырысады. Егер әке орнында шығармаларын жұрт қызыға оқыған белгілі жазушы, қоғамға беріліп қызмет еткен адал азамат, қан майданда от кешіп Отанын қорғаған жауынгер, ал, бала орнында тәуелсіз мемлекеттің іргесін қалауға тікелей қатысқан мемлекет қайраткері, дүниежүзіне танымал мәмілегер болса, бұл парыздың салмағы еселеп арта түсері дау тудырмас.

• ТАНЫМ



Өтеген КҮМІСБАЕВ,  
ақын, шығыстанушы

“Авеста” гимндері дін бе, поэзия ма? Бұл жай әлі түгел айтылып болған жоқ. Ғасырлар керуені көшіп-қонып, ғасырлар ауысқан сайын “Авеста” ашыла түседі, бірақ әлемдік төңіздегі алып айсберг секілді көп қырлы, көп сырлы, түгел көрініп, түгелсініп тұрмайды. “Махаббат дегеніміз құдай” деп бастаған үндірандықтар еді. Жалпы, “Авестада” айтылған ойлар, ұсыныстар, болжамдар, толғаулар, трактаттар Шығыс халықтарының рухани мәдениетімен, қазынасымен үндесіп жатады.

Ахеменд, Парфия, Сасанид секілді бір кездегі құдіретті Иран патшалығының мемлекеттік дін зороастризм болды. Бұл діннің негізгі діндегі әр адам өз жанына, тағдырына жауап береді. Сол адамның ойлары мен істері әлем тағдырына тығыз байланыста болу керек дейді. зороастризм көптеген діндерге, манихей, христиан, иудаизм, гностицизмге айтулы ықпал етті.

Авеста — “абастар” деген пехлеви сөзінен шыққан. “орнату”, “бекоту” деген мағынаны береді. Авеста — қасиетті жазу, зороастризмнің киелі кітаптарының жиынтығы, ал Авестаның пехлевиіге түсіндірмемен аударылған түрі Зенд немесе Авеста-зенд деп атайды. Авеста текстері Сасанилер кезінде (б.д.д. III) ауызша түрінде бір канонге біріккен еді, ал арнайы жазу формасына пехлеви өлгісінің негізінде VI ғасырда түсті Сасанид Авестасы 21 кітаптан құралған. Бізге жеткен Венидад еді. Яна толық жетпеді. Висперед және Яшты бар, қалғандары жеке үзінділер ғана болып отыр. Авеста тілі — шығыс иран халықтарының, дәлірек айтқанда, Орта Азия халықтарының ежелгі ауызша һәм жазбаша жәдігерлерінің негізінде қалыптасқан деседі. Бұл халықтардың арасына зороастризм кеңінен тарап тұрған кез еді. И.М. Дьяконовтің, В.А. Лифшицтің пікірлері бойынша жазбаша Авеста Сасанидтер дәуірінің (III ғ.) бас кезінде болған. Оған дәлел есі Нисадан табылған жаңа құжаттар болып отыр. (Дьяконов И. М., Лифшиц В. А. Новые находки документов в старейшей Виз. Переднеазиатской сборник. т. 2 М. 1966) Әрине, Авеста жазбаша қалыпқа түспестен бұрын ауызша нұсқа арқымен мәлім болғандығында шек жоқ.

Егер зороастризмнің отаны Бактрия десек, осы діннің қасиетті кітабы Авеста екендігі